

Камзина Т.Қ.
«Семей» медициналық колледжі» мекемесі
Ғылыми жетекшісі: Деменғали А.Қ.

АБАЙ ОБЛЫСЫ: ТУРИЗМ САЛАСЫН ДАМУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Ғылыми зерттеу жұмысында Абай облысында табиғи-рекреациялық (экологиялық), тарихи-археологиялық (тарихи) және мәдени туризмді дамытуға мүмкіндігі жоғары нысандар туралы айтылады.

Жұмыстың өзектілігі: Абай облысында туризмді дамытуға қажетті мәдени, тарихи, географиялық және климаттық жағдай жеткілікті. Демалыс пен саяхаттаудың адам өміріндегі маңыздылығы арта түскен заманда ХХІ ғасыр «феномені» болып табылатын туризм саласын дамыту арқылы облыстың экономикалық әлеуетін қуаттандыру.

Зерттеу мақсаты: Әлемдік экономикадағы қарқыны төмендемейтін саланың бірі болып табылатын туризмді Абай облысында дамыту жолдарын таныту, бағалау.

Зерттеудің объектісі және пәні: Мәдени ескерткіштерді тану мақсатындағы талдау жасауға негіз болған материалдар өлкетану еңбектерінен алынды. Ғылыми жоба жазу барысында шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріне сүйендік.

Қойылған міндеттерді шешудің әдістері: әдебиеттерден іздеу, сұрыптау, салыстыру, талдау; қосымша мәліметтерді ғаламтордан іздеу, жобалау.

Зерттеудің жаңалығы және дербестік дәрежесі: Абай өлкесіндегі тарихи-мәдени мұралардың сақталуы мен жаңғыруы, туризм саласын жандандыру алғышарттарын дайындау ғылыми жобаның мән-мағынасын таныта алады.

Эксперимент әдісі: тарихи-салыстырмалы, сипаттау, тұжырымдау, объективті-аналитикалық әдістер қолданылды.

Абай облысы – 2022 жылы құрылған Қазақстанның шығысындағы облысы, әкімшілік орталығы – Семей қаласы. Қазақстанның рухани астанасы атанған Семей - Абай, Шәкірім, Мұхтардай ұлыларды дүниеге әкелген мекен. Семей топырағында Алаш автономиясының негізі қаланған, азаттыққа ұмтылған ұлттық идеологиялар туындаған қасиетті жер. Егер сіз осынау таңғажайып өлке — табиғаттың құт дарытқан мекені атақты Абай жерінен болсаңыз, болмасаңыз да, оның: Күншығыстың бар асылын, бар байлығын, бар сұлулығын өн бойына дарыта жинаған Тарбағатайын, асу-асу белдерін, ат омыраулап жарып жүре алмайтын жасыл шалғын кең баурайын, кермарал кербез аққан Ертісін, аққу-қаздары мамырлай жүзген Алакөлін, қайсар қарағайлы орманын көріп, осылардың қадір-қасиетін түсініп, сезіміңізді селк еткізе алмасаңыз, онда тыңдаңыз.

Абай облысы оңтүстігінде Жетісу, солтүстік-батысында Павлодар, батысында Қарағанды, солтүстік-шығысында Шығыс Қазақстан облыстарымен, оңтүстік-шығысында Қытай Халық Республикасымен, солтүстігінде Ресей Федерациясымен шектеседі. Семей өлкесінің алтын алқасы қарт Ертіс пен гаухар тәжі Тарбағатай тауы, асыл жүзігі Алакөлдiң жағасы мен қойнауы тұнған тарих. Қойнауы қазынаға толы осынау өлке қаншама тарих сырын бүгіп жатыр. Мұнда мыңжылдықтар ізі петроглифтер, үйсін-сақ дәуірінің ескерткіштері бар. Әзірге әуесқой этнографтар мен жергілікті тұрғындар ғана көне жәдігерлерді суретке түсіріп зерттеп жатыр. Жер қойнауынан тарихты аршып, тастағы таңбаны тану – бүгінгі біздердің еншіміздегі парыз, сондықтан да маңызды дүниелерді тарихшылар мен археологтар зерттесе екен дейміз.

Қазақтың болмысын, абыройын қазір төрткүл дүние мойындады деуге болады. Адамзат өркениетінде ешкімнің етегіне жабысып жан бақпағанын, өз мәдениеті, өз үлгісі, өзгеге көрсетер тағылымы, тарихы, небір ғажайып қосқан үлесі бар ұлт екенімізді Тәуелсіздік алғаннан бері түйсініп, түгендеуге кірістік. Қазақ қазынасының қадіріне жетіп, өлкемізді тереңінен танып, кейінгінің қолына сол жауһарды мөлдіретіп тапсыра алсақ, парыз бен қарыздың орындалғаны сол емес пе? Құбылыс болған құндылықтарымызды жеріне жеткізіп танытуға ықыласымыз да, кемелділігіміз де жетерлік.

Тарбағатай тауы – сан ғасырлық тарихтың куәгері. Таңбасын танысаң айтылар сыр да, ақтарылар аңыз да, ашылар ақиқат та қойнауында аз емес. Тарбағатай тауы алғашында «Барқыт бел» деп аталған. 1207 жылы Шыңғыс хан осы аймақты жаулап алып, Зайсан көлі мен Тарбағатай және Жетісу аралығы Шыңғыс ханның екінші ұлы Үгедей ұлысына енеді. Осы кезден бастап «Барқыт бел» атауы «Тарбағатай» болып өзгереді.

«Тарбағатай» сөзі моңғол тілінен аударғанда «тарбы-суыр, тай-тау», яғни «Суырлы тау» деген мағынаны білдіреді. Шынымен де, таудың қай қырқасында болмасын, суыр көптеп кездеседі. Моңғолдың «Тарбығтай» деген сөзінің қазақы қолданыста «Тарбығатай» немесе «Тарғыбатай» болып кеткендігін аңғару қиын емес. Ал «Тарбағатай» атауы – орыс тіліндегі бұрмаланған «Тарбагатай» сөзінің қолданысқа икемделген түрі.

Ертіс – бірнеше мемлекеттің аумағын кесіп өтетін, жалпы ұзындығы 4248 шақырымға созылып жатқан өзен. Оның атауының шығуына екі жарым мың жыл болған деп болжайды ғалымдар. Ертіс сөзіндегі «ер» ежелгі түрік тілінде «жер» мағынасында болса, «тіс» - «тес» деген ұғымда болуы мүмкін. Яғни, жерді тесіп өту деген мағынаны білдіреді. Ал халық арасында осы өзен туралы мынандай кең таралған аңыз бар: Ертеде ноғай халқының билеушісі қаза болып, оның екі ұлы мұрагерлікке таласады. Біреуі ақыл-парасатты болғандықтан, билікті өз қолына алуға шешім шығарып, екіншісін ханзада етіп тағайындайды. Бірақ бұл ханзадалыққа көңілі толмаған інісі хан болған ағасына қастандық жасамақ болады. Ойлағаны іске аспай, елден қашуға тура келеді. Ұзақ-ұзақ жол жүріп, ақыры суы арнасынан асқан, шөбі шүйгін, балыққа бай бір өзеннің маңына келіп тоқтаған екен. Тұрмысқа ыңғайлы болғандықтан, осы маңға тұрақталып қалады. Бірақ, қашқын деген аты бар оған артынан іздеп келушілер көп болады. Егер құдайы қонақ келіп тұрса, әйелі «адал нитпен келсеңіз, аттан түсіңіз» дегенді «Ер, түс!» деп екі сөзбен ишара білдіретін болыпты. Бәйбішенің сөзі елге таралып, халық өзенді Ертіс атап кеткен екен деседі.

Алакөл XII-XIX ғасырларда Түрге-Нор (монғолдың көпір-көл), Алақтагөл, Алатеңіз, Алақта болып бірнеше атауға ие болған. Көлдің атауы Ала-көл – «Ұлы көл» деген көне түркі сөзі мен монғол сөзінің бірігуінен алынған деген пікір бар. Қазақшадан аударғанда «Ала көл» деген мағынаны білдіреді. Судың түсі расында да түрлі-түспен құбылып жатады: бірде таңғы тұнық ауада көгілдір болса, күн ұясына батар мезгілде көкшіл тартады.

Абай облысында туризмді бірнеше түрі бойынша жетілдіруге мүмкіндік бар. Соның ішінде ең негізгі үш түріне тоқталатын болсақ, олар - **табиғи-рекреациялық (экологиялық), тарихи-археологиялық (тарихи) және мәдени туризм.** Облыста табиғи-рекреациялық нысандарға Тарбағатай, Алакөл қорығын жатқызуға болады.



Тарбағатай қорығында ғылыми-экологиялық туризмді дамытудың алғышарттары толық қалыптасқан. Тарбағатай тауының етегіндегі Таскескен бағыты тасжолынан 5 шақырымда жатқан алқапта көргенді таң қалдыратын дүние көп. Көпшіліктің көз жауын алатын алып тасты жергілікті халық

«Тасбақа тауы» атап кеткен. Табиғат өзі тудырған таңғажайып тасқа анықтап қарасаңыз жоғары өрмелеп, төмен құлдिलाп келе жатқан екі тасбақаны көресіз. Тасбақа тауының маңайындағы сай-сала, кезең-кезеңді аралайтын болсаңыз жүзден астам түрлі табиғи мүсінді кездестіруге болады.



Тіпті, көне дәуірлерге тиесілі таңбалы тастар да жетерлік. Мұндағы жоғарғы полиолит дәуіріне тиесілі жан-жануарлар бейнелері жиырма жыл бұрынғы алғашқы қауым ескерткішіне жатады. Бұл жердегі тастарда негізінен бұғы, марал, тауешкі суреттері көп. Осы маңнан тасжол құрылысы кезінде б.з.д. IV-III ғасырларға жататын, ерте темір заманына тиесілі «Үржар ханшайымы» табылды. Ащыөзек жотасындағы «Найманқала» қорғанын Шоқан Уәлиханов Құлжаға сапары кезінде картаға түсіріп, терең зерттеу жасағаны тарихтан белгілі. Тарбағатай өлкесі зерттей түссең талай құпиясын ашатыны анық. Тарбағатай етегін – ашық аспан астындағы мұражай деуге толық негіз бар. Өкінішке орай Шоқан Уәлихановтан кейін Тарбағатай өңірінің географиялық картасы түспепті.

Алакөл көлі - әлемнің ғажайып көлдерінің бірегейі. Алакөл - тарих пен туризмнің тынысы. Алакөл бүгінгі ұрпаққа туризмнен бұрын, санғасырлық тарихтың куәсі ретінде де белгілі. Алакөл Қазақстанның ең ірі және мемлекет қарауына енген маңызы бар қорық. Отандық, ішкі туризмді дамытудағы негізгі рөл атқаратын туристік аймақтардың бірі.

Алакөлдің маңындағы ыстық бастаулар ертеден бері өзіндік ерекше емдік қасиеттерімен белгілі. Ұзындығы – 104 шақырым, ал ені - 52 шақырым, жағасының ұзындығы 348 шақырымды қамтиды. Алакөлдің орта тереңдігі – 22 метр, ең үлкен тереңдігі – 54 метр. Өзінің шипалы суымен және ерекше көрікті табиғатымен танымал көлдің жағасы түбекпен, мүйістермен, шығанақтармен, айлақтармен тілінген. Алакөл мемлекеттік табиғи қорығында 269-дан аса құс түрлері мекен етеді. Реликті шағала, жеке дуадақ, қарабасты күлегеш, бізтүмсық шағала, бұйра және қызғылт бірқазан, ақбас үйрек және басқа да аз кездесетін және жер бетінен жоғалып бара жатқан суда жүзетін шөл және тау құстарын кездестіруге болады. Туристер саяхаттан 5-6 күн бұрын биік таулы Жоңғар Алатауынан Балқаш маңындағы шөлдерге дейінгі негізгі ландшафтық аймақтың флорасы және фаунасымен танысуына болады. Осы аумаққа ұя салған ескек аяқтылар, сұқсыр үйрек,

шағала тәрізді көптеген құстардың сулы-батпақты кешені қорғауға алынған. Әсіресе, бұйра бірқазан, қызғылт бірқазан, өгізбас шағала, жалбағай, сұңқылдақ аққу, ақбас үйрек, ақбас тырна, аққұйрық субүркіт тәрізді құстар Қазақстанның Қызыл Кітабына енгізілген. Алакөл көлінің құндылығы сонда, оның аралдарына Халықаралық табиғат қорғау одағының Қызыл кітабына енген құстың сирек түрі қарамойнақ шағаланың ұялары бар. Шипалы емдік қасиетімен танымал Алакөлдің жағалауындағы қара балшық, ақ балшық, сазды батпақтың емдік қасиеті мол. Алакөл – Абай облысының асылдан таққан алқасы.

Мәдени туризм ішінде танымалы – **Жидебай**. Жидебайдағы Абай мен Шәкәрімнің кесенесі – қазір әлемде үлкендігі жағынан бірінші орында тұрған алып космостық құрылыс. Себебі, жер бетінде мұның ауқымындағыдай ескерткіш-зират жоқ. Абай мен Шәкәрім кесенесі - Абай облысының негізгі туристік нысаны. Абайдың Жидебайдағы мұражай-үйі – Абайдың өмірі мен шығармашылық жолынан толық мағлұмат беретін мәдени мекеме. Семей қаласынан 180 км, Қарауылдан 25 км қашықтықта орналасқан. Туристер Семейден шыққан соң Күшікбай кезеңіне тоқтап, одан әрі Мұхтар Әуезовтің туған мекені Бөріліге аялдап, ұлы Абайдың кіндік қаны тамған Сырт Қасқабұлақ, Еңлік-Кебек ескерткіші мен Құнанбай ұрпақтарымен жерленген Ақшоқыға тоқтап, Жидебайға барады.

Жидебайдағы Абай мұражайының бас ғимараты Семей қаласындағы Абайдың әдеби-мемориалдық мұражайы. Ол Абай Құнанбайұлының өмірі мен ақындық жолына байланысты материалдар жинақталған мәдени мекеме. 1940 ж. 16-қазанда Абайдың 95 жылдық мерейтойына орай Семей қаласында ашылған. Музейдегі 13 мың экспонат қоры (оның 7500-і негізгі қор) 7 дербес тақырыптық залдарға орналасқан. «Абай және оның дәуірі», «Жайлау», «Үш қайнар бұлақ», «Абай шығармашылығы», «Абайдың ақындық өнер айналасы», «Абайтану», «Қазақ халқы ақын атын ардақтайды» бөлімдерінде Абай өміріне байланысты архивтік материалдар, түрлі құжаттар, қазақ халқының тұрмыстық-этнографиялық өмірін бейнелейтін заттар, қол өнері мен бейнелеу өнерінің туындылары, сол кезеңде өмір сүрген ақындардың қолжазба мұралары, фотосуреттер, сирек кездесетін кітаптар т.б. орналыстырылған. 1885 ж. Н.Ц.Долгополов арқылы өлкетану мұражайына Абайдың алғашқы шығармалары, оның дүние жүзі халықтарының тілдеріне аударылған өлеңдері, ақынның әдеби мұрасын жалғастырушылардың шығармалары қойылған. Сондай-ақ М.О.Әуезов бастаған абайтанушы ғалым-зерттеушілердің еңбектері де бар.

Ақсуат ауданындағы **Ырғызбай әулие кесенесіне** келушілер қатары да аз емес. Әсіресе әулие атындағы жыл сайын қазақ күресінен өтетін халықаралық турнир Барқытбел баурайына туристердің көптеп келуіне әсер етуде.

Тарихи-археологиялық ескерткіштердің туристік-экскурсиялық нысандарының қатарына **Елеке сазы, Жетіжар қаласының** орны жатады.

Абай облысында соңғы жылдары құнды жәдігерлер шығып, ел назарын аударып бастаған тарихи жерлердің бірі – Ақсуат ауданындағы **Елеке сазы**

жайлауы. Бұл аумақта 300-ден астам қорған бар. 2018 жылы белгілі археолог Зейнолла Самашев Елеке сазы жайлауынан тоналмаған «Алтын Адамды» тапты. Елеке сазының туристік әлеуеті жоғары. Жоғары болатыны, мұндағы ескерткіштер сан алуан. Құрылыстары да өзгеше. Қола дәуірінен бастап сақ, ғұн-үйсін, көне түркі дәуіріне дейінгі ескерткіштер шоғыры орналасқан. Мұндай ескерткіштер елімізде сирек кездеседі. Екіншіден, бұл жердің табиғаты да ғажап. Жайлау ғой. Сарқырап өзен ағып жатыр. Демалыс үйлерін салып, жаз кезінде бие байлап қойса, қандай ғажап! Елеке сазын мемлекет қамқорлығына алынып, қазба жұмыстары жүргізілген қорғандар қоршалып, Берелдегі сияқты қорық-музей ашылса, жақсы болар еді.

Облысымыздағы көп жұртқа әзірге беймәлім, бірақ құпиясы мол тарихи орындардың бірі – Бесқарағай ауданының **Жетіжар** ауылының маңынан табылған, Беғазы-Дәндібай мәдениетіне жататын көне шаһардың орны. Бұл – бұдан 3-3,5 мың жылдан астам уақыт бұрын, Троя соғысы кезінде, сонау қола дәуірінде Шығыс Қазақстан жерінде, Ертістің жағасында тұрғызылған қалашық. Шамамен біздің дәуірімізге дейінгі ХІІІ-ХІV ғасырларда тұрғызылған, кейінгі қола дәуіріне тиесілі ежелгі протоқалашық Қазақстан ғана емес, оңтүстік-батыс Сібір аймағындағы осындай үлгідегі ескерткіштер арасындағы ең ірі қоныс саналады. Еліміздің аумағында қола дәуірі кезінен сақталған мұндай қалашық жоқ. Осы уақытқа дейін тек Жетіжар қонысының өзінен 500-ден астам қыш, тас, сүйек және қола бұйымдарды табылды. 2018 жылы Бесқарағайға Англияның Кембридж университетінен Дэниел Лоуренс есімді ғалым келіп, Жетіжар қонысына геофизикалық зерттеу жүргізді. Соның нәтижесінде археологиялық аумақтың нақты өлшемі анықталды. Сөйтіп ескерткіштің 100 гектардан астам жерді алып жатқанына көз жеткіздік. Есте жоқ ескі замандағы шағын қалашықтың осынша аумақты алып жатқанына, ғимараттардың санына, өзгеше сәулетіне қарап, бұл жерде ірі саяси-әкімшілік, экономикалық, өндірістік, діни және қолөнер орталығы болған деген болжам жасауға болады.



Мұны тез арада музейлендіру қажет. Бұл ғимарат қазақстандық археологияның брендіне айналуы мүмкін. Мұндай өзгеше ескерткіш елімізде жоқ. Зерттеуді бастамас бұрын осы нысанның үстіне ЮНЕСКО-ның әлемдік мұра тізіміне енген Түркияның Чатал-Хююк және Сербияның Лепенск-Вир ескерткіштері секілді үлкен шатыр орнатылса, игі істердің бірі болар еді. Сол кезде қазба жұмыстарын кез келген уақытта алаңсыз жүргізе беруге болады. Ескерткіш те бұзылмайды. Туристерге де көрсетуге болады.

Абай облысында туризм саласын дамыту үшін темір жол, көлік қатынасы, әуежай инфрақұрылымдарын дамыту басты мәселе.

Абай облысында таңғаларлық инфрақұрылымдық жағажайдан бастап, көлге түсу, демалыс орындары, жол, ойын-сауық, мәдени-әдеби, спорт, тіпті

естелікке алатын заттарға дейін қамтылып, тазалық сақтау мәдениетін көтеріп, қазақ мәдениеті мен тұрмысын, ұлттық тағамдарын тамсандыра алатын арнайы этно-ауылдар салынса ішкі ғана емес шетелден де туристерді тарту мүмкіндігі артар еді.

«Барлық-Арасан» атауымен танымал қасиетті қорық санатына Арасан мен Жалаңашкөл қосылып, арнайы комплексті курорттық емдеу-сауықтыру орталықтары ашылса бар асылымызды бағалай алғанымыз емес пе?!

Алакөлден курорттық аймақ ретінде тек жаздың екі айында ғана емес, басқа уақыттарда да ем қабылдауға қолайлы түрлі бассейндер, процедуралар ашу уақыт күттірмейтін мәселе.

Тарбағатай баурайында ата кәсібіміз жылқы бағуды жандандырып, жылқы шарушалығына аса көңіл бөлінсе қазақы жылқыны көруге әлемнің түпкір-түпкірінен туристер көптеп келер еді. Біздің өлкенің табиғаты төрт-түлік малға жайлы, ата кәсібімізді бизнестің бірі түрі туризмге айналдыруға да өте ыңғайлы болып келеді. Ертеден-ақ «қазақ» атауы «жылқы» ұғымымен егізге айналғаны анық. Қазақ тарихы – жылқы тұяғы, ат жалында жасалған тарих. Иә, қазақ жері мен елі – ежелден жылқының мекені болған дейміз. Бірақ, соны айдай әлемге ұқтырып, құжат түрінде дәйектей алдық па? Жылқы өнімдеріне патенттеріміз бар ма? Ағылшын ғалымдары осыдан 6 мың жылға таяу уақыт бұрын қазақтың арғы бабалары жылқыны қолға үйреткенін тайға таңба басқандай дәйектеп берді. Жылқы - қазақ жаратылысының алтын дінгегі. Арғы ғасырда Қасым хан: «...Біздің асыл дүниеміз – бір ғана жылқымыз, ләззат алатын асымыз – ет, сүйетін сусынымыз – қымыз... қызық көретініміз – өрістегі жылқымыз», - деген екен. Біздің адамзат өркениетіне қосқан үлесіміз – жылқыны қолға үйретуіміз, қуатты тамақ көзіне айналдырғанымыз. Атақты ғалым В.И.Даль «лошадь» деген сөз «алаштың аттары», яғни «алаш жылқылары» деген сөзден шыққан дейді.

«Арыстан – аң патшасы, жылқы – мал патшасы» деген сөз бар. Жылқының иесіне адалдығынан, тектілігінен алар тағылым аз болмаса керек. Қазақтың жылқыны әспеттеуі ер-тұрманнан көрініп тұрады ғой. Мен ер-тұрманды қазақ өнерінің бір жауһарына балаймын. Бүгінгі замандағыны қайдам, өткен дәуірлердегі ер-тұрманның үлгісі де, өнегесі де бөлек. Мұндай құндылық өзге жұрттарда бірен-саран болуы керек. Бізде мындап саналады. С.Руденко: «...Сібір скифтері қолданған ер-тоқымдар еуропалық елдерде болмаған» дейді. Осының өзінен-ақ өркениеттің бастауы қайда жатқаны аңғырылып тұр емес пе. Қазыналы қазақ жері әлемге жылқы мәдениетін қалыптастырған ел екенін таныту үшін Тарбағатай баурайында үйірлеп жылқы бағып, жылқыға мініп, қымызын ішетіндей этноауылдар салуымыз керек.

Абай облысында туризм бағытын жандандыру жұмыстарына басымдық беріп, бұл тарихи-мәдени жерлердің тынысын жандандыру, киелі өлкелердің қарым-қатынасын нығайту облыстың экономикалық әлеуетін күшейтіп қана қоймай, елді мекендердің де инфрақұрылымдарын жақсартып түсетіні анық.

Аймақтық имидж қалыптастыру және маркетинг жұмыстарын жүргізу ісін қолға алатын кез келді. Менің кіші Отанымның Қазақстан картасындағы тарихи маңызы аса зор.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 <https://kk.m.wikipedia.org/w/index.php?title=Саяхат&action=edit&redlink=1>
- 2 Биржаков М.Б. Введение в туризм, СПб.: Издательский дом "Герда",2018. – 51 с.
- 3 https://kk.m.wikipedia.org/wiki/Абай_облысы
- 4 Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Лтд.” ЖШС, 2005